Ақпарат

«Асыл мұра - Орда» қоғамдық қоры **«ҮЕҰ мен қоғамдастықты қатыстыра отырып қоғамдық кеңестермен жүргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту»** әлеуметтік жобасы аясында облыстық, қалалық, аудандық қоғамдық кеңес отыстарының саны, қаралған мәселелеріді, қоғамдық тыңдаулар саны, келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарға **есеп беру.**

Арал аудандық қоғамдық кеңестің 2021 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің Қоғамдық кеңестер алдында есеп беруі көзделген.

Осыған орай, бүгін аудан әкімі М. Оразбаев қоғамдық кеңес алдында «2020 жылдағы Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және алдағы міндеттері» бойынша есеп берді. Кеңес отырысы санитарлық талаптардың қатаң сақталуымен өткізілді. Жиынды аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы А. Жоланов жүргізді.

Еркін форматта өткен кездесу барысында тұрғындар қазіргі өзекті деген мәселелерді айтып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Жиынға қатысушылар тарапынан Арал қаласынан аспалы көпір салу, мал ұрлығы, қала көшелеріне жол, жарықтандыру, спорт алаңын салу, көгалдандыру сынды мәселелер ұсынылды.

Сырдария ауданыда өткізілген және қаралған мәселелер.

2021 жылдың 1-сәуіріне қоғамдық кеңестің 6 отырысы өткізіліп, 13 мәселе талқыланды. Оның ішінде 1 отырыс карантиндік шараларға байланысты қашықтықтықтан мобильдік телефон жүйесі арқылы өткізілді.

Ауданның қоғамдық кеңесінің отырыстарында аудан әкімі Т.Дүйсебаевтың "Сырдария ауданының 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы мен алдағы тұрған міндеттері туралы", "Аудандық мәслихаттың 2020 жылы атқарған жұмыстары туралы" аудандық мәслихаттың хатшысы Е.Әжікеновтың, "Аудандық қоғамдық кеңестің 2020 жылы атқарған жұмыстары туралы" аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы М.Омаровтың, аудандық қаржы бөлімінің басшысы А. Есмағанбетованың аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебі есептері тыңдалды. 2021-2025 жылдарға арналған Сырдария ауданының даму бағдарламасы талқыланды. «Қоғамдық бақылау» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобалары талқыланып, ұсыныстар берілді.

Бос жұмыс орнына жұмысқа қабылдауға байланысты 2 мәселе қаралды. Сонымен қатар 4 нормативтік-құқықтық актілердің жобасы қаралды.

Қоғамдық кеңестің атқарған жұмыстары туралы ақпарат «Тіршілік тынысы газетінде жарияланып отырды, сонымен қатар, аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылды.

Қызылорда қалалық қоғамдық кеңесінің 2021 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес 9 отырыс өткізіліп, 15 мәселе қаралды. Оның ішінде 13 нормативтік құқықтық актілер талқыланды.

Жалағаш ауданының Қоғамдық кеңесінің 2021 жылдың I-жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын талқылау туралы. Отырыс және «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» аудан әкімдігінің қаулы жобасын талқылау барысында кездесу өткізілді.

1. 2020 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылуы туралы есебін талқылау.
2. Жалағаш ауданының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуы туралы есебін талқылау.
3. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды (коммуналдық тұрғын үй қорынан) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің қаулы жобасын талқылау.
4. «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы №64-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешім жобасын талқылау.
5. «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» аудан әкімдігінің қаулы жобасын талқылау.
6. Аудан тұрғындарының шағымдарына сәйкес мекемелердің, жеке тұрғын үйлердің кәріз құдығынан *(септик)* тартылған тұрмыстық сарқынды сулардың және коммуналдық қалдықтардың арнайы белгіленбеген орындарға төгу, шығару жөніндегі мәселені талқылау.

Қармақшы Аудан әкімі қоғамдық кеңесте есеп берді. Күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша алдымен аудан әкімі М.Қалдарбеков есептік баяндамасында ауданымызда өткен жылы атқарылған ауқымды жұмыстарды айта келе, алда тұрған міндеттерді де саралап өттіСодан соң аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қошалақов өз хабарламасында жыл көлемінде жасаған жұмыстарына жан-жақты тоқталып өтті.

Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы К.Раева есепті кезеңде атқарылған жұмыстардың есебін беріп, қоғамдық кеңесте қозғалған және шешімін тапқан мәселелер жөнінде хабарлама жасады. Мәселен, ауданға кіре беріс шекарасына ауданымыздың паспорты орналастырылды, газдандыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды, абаттандыру, көркейту – көгалдандыру бағытында жұмыстар істелді.

Сонымен бірге орта шағын кәсіпкерлікті қолдау бағытында ауылдық елді мекендер мен кенттерде 70 цех жұмысын бастады. Алдағы кезеңде де жұмыссыздықты азайту, аудан бюджетінің кірістер бөлігін ұлғайту, басқа да мәселелерді кезең- кезеңмен шешу көзделген.

Шиелі аудандық қоғамдық кеңес отырысы өтіп, онда үш мәселе қаралды. Қоғамдық кеңес төрағасы П.Архабаев күн тәртібіндегі мәселелерді таныстырғаннан кейін, мемлекеттік тапсырыс аясында жұмыс жасап отырған жеке балабақшалардың жай-күйі туралы комиссия мүшесі П.Маханбет мен аудандық білім бөлімінің міндетін атқарушы Д.Насибековтың баяндамасы тыңдалды. Отырыста қаралған екінші мәселе бойынша кент әкімі Ғ.Аманжолов кенттің санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша есебі тыңдалды. Тазалық баршамызға ортақ. Кенттің әр азаматы тазалыққа үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіс. Бұл мәселе бойынша тапсырмалар мен ұсыныстар айтылды.

Күн тәртібінде қаралған үшінші мәселе бойынша әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 шілдедегі №57/10 шешіміне толықтырулар енгізу туралы
аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы А.Төлегеновтың хабарламасы тыңдалды.

Жаңақорған аудандық қоғамдық кеңес отырысы өтті.
"Ордакент" ардагерлер, жастар ресурстық орталығында өткен қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткен жиында 4 мәселе қаралды.
Жаңақорған кентінің әкімі С. Садықов Жаңақорған кентін абаттандыру, көркейту-көгалдандыру шаралары туралы таныстырып, атқарылған және атқарылатын жұмытстар жөнінде баяндады.
Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Т. Зейдалиев Мемлекет басшысының халыққа жолдауында айтылған ауылшаруашылық саласын дамыту бойынша ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың барысы жайлы баяндады.
Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ә.Төлегенов еліміздің өзге аймақтарында тұратын азаматтардың Жаңақорған кентіне пансионат салуға бастамашыл болып жүргені жайлы қоғамдық кеңес мүшелерін хабардар етіп, бұл мәселені алдымен қоғам арасында жан-жақты талқылап алып, салу немесе салмау мәселесінде қоғамның, кент тұрғындарының пікірін ескеру қажет деген ұсынысын білдірді.
Ауданның бас имамы А. Наметов эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты ауданымызда Құдайы ас, еске алу шаралары мен Рамазан айында берілетін ауызашарлардың өткізілу барысы жайлы хабарлама жасады.
Күн тәртібіне қойылған мәселелер жыл басында бекітілген аудандық қоғамдық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарында белгіленген болатын.